

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2021 жылдың 10 наурызындағы
№ 14 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л д і

2021 жылдың 11 наурызынан бастап
қолданысқа енгізілді

Листингтік комиссия туралы ҚАҒИДА

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Листингілік комиссияның құрамын, Листингілік комиссия мүшелерінің өкілеттік мерзімдерін, Листингілік комиссияның функцияларын және оларды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ Листингілік комиссияның міндеттерін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында, Директорлар кеңесі бекіткен "Қазақстан қор биржасы"АҚ ішкі құжатында (бұдан әрі – Листингілік ережелер) және Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі-Биржа) басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен шартты белгілер пайдаланылады.
2. Листингілік комиссия Биржаның тұрақты органы болып табылады, оның негізгі міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан/алаңынан басқасына ауыстыру, бағалы қағаздар делистингі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау болып табылады.

2 бап. Листингілік комиссияның мүшелері

1. Листингілік комиссия саны тақ мүшелерден тұрады. Листингілік комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды.
2. Листингілік комиссияның құрамына мыналар кіреді:
 - 1) уәкілетті органның өкілі (қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы);
 - 2) Биржа Басқармасының мүшесі (мүшелері);
 - 3) Биржаның Директорлар кеңесінің мүшесі (мүшелері);
 - 4) "Қазақстанның қаржы ұйымдарының қауымдастығы" ЗТБ (бұдан әрі – ҚҚҚ) өкілі (өкілдері).
3. Листингілік комиссияның құрамы, Листингілік комиссияның төрағасы және оларды алмастыратын тұлғалар Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. Уәкілетті органнан және ҚҚҚ-дан Листингілік комиссияның мүшесін олар өздері белгілеген тәртіппен өздері анықтайды.
4. Листингілік комиссияның құрамына сайланған адамдар және олардың орнындағы адамдар шектеусіз рет қайта сайлана алады.
5. Листингілік комиссияның төрағасы және оны алмастыратын тұлға Биржаның директорлар кеңесінен немесе ҚҚҚ-дан Листингілік комиссияның мүшелері ғана бола алады.

3 бап. Листингілік комиссия мүшелерінің өкілеттік мерзімдері

1. Листингілік комиссия мүшелерінің, сондай-ақ оларды алмастыратын адамдардың өкілеттік мерзімдері:
 - 1) уәкілетті органнан Листингілік комиссияның мүшелерінің өкілеттігі, уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен, дербес анықталады;
 - 2) Директорлар кеңесі мен Биржа Басқармасынан, олардың Биржаның Директорлар кеңесі/Басқармасы құрамындағы өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде немесе олардың өкілеттігі Биржаның уәкілетті органының шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда аяқталады;

- 3) ҚҚҚ атынан Листингілік комиссияның мүшелерінің өкілеттігі, осы ұйым өзі белгілеген тәртіппен, дербес анықталады.
2. Биржаның Директорлар кеңесі Листингілік комиссия мүшелерінің және оның төрағасының, сондай-ақ олардың орнындағы тұлғалардың өкілеттігін кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатуға және Листингілік комиссияның құрамына жаңа кандидаттар сайлауға құқылы.
3. Листингілік комиссияның хатшысын және оның орнындағы адамды Листингілік комиссия өзінің отырыстарының бірінде Биржа қызметкерлері арасынан сайлайды.

4 бап.

Листингілік комиссияның функциялары және оларды жүзеге асыру тәртібі

1. Листингілік комиссияның негізгі функциялары мынадай мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау болып табылады:
 - 1) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу;
 - 2) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір санатынан/алаңынан басқасына аудару;
 - 3) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен шығару (делистинг), оның ішінде бағалы қағаздардың руқсаттама бастамашыларының өтініштері негізінде (ерікті делистинг);
 - 4) листингілік компаниялардың өздері шығарған борыштық бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің "Буферлік санат" санатына ауыстыру үшін негіздерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қабылдау;
 - 5) Листингілік ережелерде белгіленген жағдайларда Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздардың айналысы үдерісінде сауда-саттықты ашу мерзімін ұзарту;
 - 6) бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізуге, алып тастауға және олардың осында тұуына табуға байланысты өзге де мәселелерді қарау.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Листингілік ережелермен Биржаның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған болса, осы баптың 1 тармағында көрсетілген мәселелерді қарау Листингілік комиссиясының функцияларына жатпайды.
3. Листингілік комиссия өз отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді қарауға және Листингілік комиссияның отырысына уәкілетті органның атынан Листингілік комиссияның мүшесін қоса алғанда, Листингілік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі (оның ішінде бейнеконференция арқылы) қатысса, осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Листингілік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берсе, Листингілік комиссияның шешімі қабылданды деп есептеледі.

Дауыстарсаны тең болған кезде, уәкілетті органның өкілі болып табылатын, Листингілік комиссия мүшесінің дауысы шешуші болып табылады.

4. Осы баптың 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Листингілік комиссияға дауыс беру әрбір мәселе бойынша жеке бюллетеньдер бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте Листингілік комиссия мүшелерінің "қолдаймын" және "қарсымын" нұсқалары бойынша ғана дауыс беруге құқылы және олар дауыс беруге қатысудан бас тартуға (қалыс қалуға) құқығы жоқ.

Листингілік комиссия отырысының күн тәртібінің осы баптың 1 тармағының б) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша дауыс беру нысанын Листингілік комиссия анықтайды.

5. Листингілік комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай көзбе-көз немесе сырттай тәртіппен өткізіледі. Листингілік комиссияның отырысын көзбе-көз өткізу кезінде отырыс бейнеконференция арқылы, оның ішінде Листингілік комиссияның қандай да бір мүшесі еңбек демалысында немесе іссапарда болса, өткізілуі мүмкін. Егер бейне байланыс Листингілік комиссияның мүшелерін бір мәнді сәйкестендіруге және олардың ой-пікірлерін, сондай-ақ олар қабылдайтын шешімдерді дұрыс қабылдауға мүмкіндік берсе, мұндай қатысуға жол беріледі.

Листингілік комиссияның көзбе-көз қатысу тәртібімен қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді. Сырттай тәртіппен қабылданған Листингілік комиссияның шешімі әрбір мәселе бойынша "Листингілік комиссияның шешімі" деп аталатын жеке құжат ретінде ресімделеді.

6. Листингілік комиссияның отырысы, төмендегі мәселелер қаралған жағдайда, тек қана көзбе-көз қатысу тәртібімен өткізіледі:

- 1) эмитенттің бұрын қандай да бір бағалы қағаздары мәжбүрлі делистингке ұшыраса немесе осы эмитентте бұрын шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты және/немесе есептелген сыйақыны төлеу бойынша дефолт фактілері болған кезде, эмитенттің бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы мәселе;
- 2) листингілік компаниялардың өздері шығарған борыштық бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің "Буферлік санат" санатына ауыстыру үшін негіздерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қабылдау;
- 3) Биржаның пікірі бойынша, бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың және/немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қозғайтын жағдайларда, бағалы қағаздар делистингі туралы мәселе.

7. Листингілік комиссияның отырысын өткізу мақсатында Листингілік комиссияның хатшысы:

- 1) Листингілік комиссияның мүшелері үшін Биржа интернет-ресурсының жабық бөлімінде Листингілік комиссия отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша құжаттарды, материалдарды және басқа да ақпаратты орналастырады;
- 2) Листингілік комиссияның мүшелерімен немесе оларды алмастыратын адамдармен, Листингілік комиссияның отырысын өткізу күні мен уақытын, Листингілік комиссияның отырысын өткізу нысанын (көзбе-көз немесе сырттай тәртіппен), сондай-ақ осы баптың 12 тармағында белгіленген негіздердің болуын келісімдейді;
- 3) Листингілік комиссияның мүшелеріне немесе оларды алмастыратын адамдарға отырысты өткізу нысанын және болжанатын күн тәртібін көрсете отырып, Листингілік комиссияның отырысын өткізу туралы хабарлама жібереді;
- 4) отырыс қворумының есебін жүргізеді, Листингілік комиссия мүшелерінің дауыс беруіне қойылған шешімдер бойынша Листингілік комиссия мүшелері қатысушыларының дауыстарын есептейді, дауыс беру қорытындыларын шығарады, сондай-ақ Листингілік комиссия отырысының хаттамасын немесе шешімін жасайды;
- 5) Листингілік комиссия отырысының хаттамаларын және шешімдерін сақтайды;

- 6) осы Қағидаға және Листингілік комиссияның шешімдеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.
8. Листингілік комиссияның отырысын көзбе-көз тәртіппен өткізу кезінде:
 - 1) Листингілік комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру үшін рұқсат беру бастамашысының, оның қаржы консультантының өкілдері және/немесе қаралатын мәселеге қатысы бар басқа да ұйымдардың өкілдері шақырылады. Листингілік комиссияның отырысында көрсетілген өкілдердің болмауы Листингілік комиссияның отырысын өткізу күні мен уақытын ауыстыру үшін негіз болып табылмайды;
 - 2) қажет болған кезде Листингілік комиссия отырысының күн тәртібіне, егер уәкілетті органның Листингілік комиссияның мүшесін қоса алғанда, Листингілік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қосымша мәселелерді енгізуге дауыс берген жағдайда, Листингілік комиссияның отырысын өткізу туралы хабарламада көрсетілмеген қосымша мәселелер енгізілуі мүмкін;
 - 3) Листингілік комиссияның мүшелері Листингілік комиссияның хатшысына өздері қол қойған бюллетеньдердің түпнұсқаларын береді немесе оған осы бюллетеньдерді сканерленген нұсқалар түрінде жібереді. Соңғы жағдайда Листингілік комиссияның мүшелері, егер Листингілік комиссияның отырысы бейнеконференцияны пайдалана отырып, көзбе-көз тәртіппен өтсе, бірінші мүмкіндік болған кезде, Листингілік комиссияның хатшысына олар қол қойған бюллетеньдердің түпнұсқаларын береді.
 9. Листингілік комиссияның отырысын сырттай тәртіппен өткізу кезінде:
 - 1) Листингілік комиссияның мүшелеріне Листингілік комиссияның отырысын өткізу туралы хабарлама жіберілген күнді қоспағанда, дауыс беру үшін үш жұмыс күні беріледі;
 - 2) Листингілік комиссияның мүшелері Листингілік комиссияның хатшысына сырттай дауыс беру үшін өздері қол қойған бюллетеньдердің түпнұсқаларын береді немесе оған бұл бюллетеньдерді сканерленген нұсқалар түрінде жібереді. Соңғы жағдайда Листингілік комиссияның мүшелері бірінші мүмкіндік болған кезде Листингілік комиссияның хатшысына өздері қол қойған бюллетеньдердің түпнұсқаларын береді;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде тұжырымдалған шешім, егер аталған хабарлама жіберілген күннен кейін үшінші жұмыс күні Алматы қаласы уақытымен 16.00-ге дейін Листингілік комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісінен кем болмаса, осы шешімге дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі;
 - 4) Листингілік комиссияның хатшысы Листингілік комиссияның барлық мүшелері және/немесе оларды алмастыратын адамдар қол қойған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алса, Листингілік комиссия мүшелерінің дауыстарын осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген уақыттан бұрын санауға жол беріледі. Мұндай "мерзімінен бұрын" санау фактісі Листингілік комиссияның сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімінде көрсетілуі тиіс.
 10. Листингілік комиссия құқылы:
 - 1) осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер Листингілік комиссияның пікірі бойынша бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін елеулі түрде қозғаса, оның шешімі белгілі бір мерзім өткеннен кейін қабылданды деп есептеледі, ол осы шешім қабылданған күннен бастап алты айдан аспауы тиіс деп белгіленсін;

- 2) мәселені қарауды белгілі бір уақиғалар басталғанға дейін және/немесе Листингілік комиссия айқындаған шарттар орындалғанға дейін кейінге қалдыру, сондай-ақ Биржаға күн тәртібіне енгізілген мәселені қосымша зерделеуді тапсыру;
 - 3) Биржаның өзге ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда бағалы қағаздар айналысы үдерісінде сауда-саттық ашу мерзімін ұзарту.
11. Осы баптың 1 тармағының 6) тармақшасында көрсетілген функцияларды Листингілік комиссиямен жүзеге асыру тәртібін Листингілік комиссия қолданыстағы заңнамаға, Листингілік ережелерде және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дербес белгілейді.
12. Листингілік комиссия осы баптың 1 тармағының 1-5) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қараған кезде Листингілік комиссияның мүшесі:
- 1) аталмыш шешімге сәйкес, бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілетін, осы тізімнен шығарылатын немесе осы тізімнің өзге санатына ауыстырылатын, эмитенттің (бұдан әрі осы тармақта – мүдделі эмитент);
 - 2) мүдделі эмитентке қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;
 - 3) мүдделі эмитент еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын, ұйымдардың;
 - 4) мүдделі эмитентпен бірге үшінші ұйымға қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын, ұйымдардың;
 - 5) мүдделі эмитентке қызмет көрсететін қаржы консультантының, маркет-мейкердің, андеррайтердің;
 - 6) осы тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен үлестес тұлғалардың қызметкері және/немесе өкілі болып табылса, дауыс беруге құқығы жоқ, бұл жағдай мүдделер қақтығысы деп танылады

5 бап.

Листингілік комиссияның шешімдерін құжаттау

1. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер әрбір мәселе бойынша жеке жасалады және онда:
 - 1) Листингілік комиссия мүшесінің тегі және аты-жөні;
 - 2) Листингілік комиссияның отырысын өткізу күні – көзбе-көз дауыс беру кезінде немесе сырттай дауыс беру кезінде бюллетеньді жөнелту күні;
 - 3) дауыс беруге шығарылған шешімнің тұжырымы;
 - 4) "қолдаймын" және "қарсы" деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
 - 5) сырттай дауыс беру кезінде – Листингілік комиссияның мүшесі бюллетеньге қол қойған күнін көрсету үшін баған көрсетіледі.
2. Листингілік комиссияның көзбе көз қатысу тәртібімен өткізілген отырысының хаттамасына немесе Листингілік комиссияның сырттай тәртіппен қабылданған шешіміне Листингілік комиссияның төрағасы және Листингілік комиссияның хатшысы (оларды алмастыратын адамдар) дайындығына қарай, бірақ немесе Листингілік комиссияның отырысы көзбе -көз тәртіппен өткізілген немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы дауыс беру жабылған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

Листингілік комиссияның мүшесі тікелей қатысу тәртібімен бейнеконференция арқылы өткізілетін Листингілік комиссияның отырысына қатысқан жағдайда, Листингілік комиссия отырысының хаттамасына осындай қатысу туралы жазба енгізілуі тиіс.

6 бап. Листингілік комиссия мүшелерінің міндеттері

1. Листингілік комиссияның мүшелері және оларды алмастыратын адамдар:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Листингілік ережелерде, осы Қағидада және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген Листингілік комиссияның қызметін жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтауға;
 - 2) Листингілік комиссияның қызметіне қатыса отырып, тәуелсіз және объективті болу;
 - 3) Листингілік комиссияның мүшесі ретінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында алған құжаттардың (ақпараттың, мәліметтердің) құпиялылығын қамтамасыз етуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Листингілік ережелерде, осы Қағидада және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға;
 - 5) Листингілік комиссияның хатшысына осы Қағиданың 4 бабының 12 тармағында белгіленген, осы Қағиданың 4 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша олардың дауыс беруге құқығы жоқ фактілердің бар екендігі туралы хабарлауға міндетті.
2. Қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет Листингілік комиссияның отырыстарында дәлелсіз себеппен:
 - 1) уәкілетті органнан және ҚҚҚ атынан Листингілік комиссияның мүшесі болмаған жағдайда – Биржа ресми хатпен уәкілетті органды немесе ҚҚҚ атынан Листингілік комиссияның құрамына басқа кандидатураны ұсыну мүмкіндігі туралы хабардар етеді;
 - 2) Биржаның директорлар кеңесінен Листингілік комиссияның мүшесі және Биржа Басқармасынан Листингілік комиссияның мүшесі болмаған жағдайда – Биржа Директорлар кеңесінің Листингілік комиссияның мүшесін Биржаның директорлар кеңесінен және/немесе Биржа Басқармасынан Листингілік комиссияның мүшесін қайта сайлау туралы мәселені қарауды бастамалайды.

7 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағида Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс.
2. Осы Қағида қажеттілігіне қарай, бірақ осы Қағида қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда бір реттен сиретпей, актуалдылауға жатады.